



Шығыс Қазақстан облысы білім
басқармасы Тарбағатай ауданы
бойынша білім бөлімінің
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы»

**«Бүлдіршін» / 3 жастағы балалар/ ортаңғы тобының
2022-2023 оқу жылына арналған**


ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Тәрбиешілер: Сейтказина З.Ж.
Туржанова С.К.

«Бекітемін»

КМҚК «Балауса - Балғын» бөбекжайы» меңгерушісі м.а.  Шағиева Г.Н.
01.09.2022 ж.

«Тексерілді»


КМҚК «Балауса - Балғын» бөбекжайы» әдіскері:  Сабитова З.А.
01.09.2022 ж.

**«Бүлдіршін» /3 ж-3,5ай/ II ортаңғы тобының
2022-2023 оқу жылына арналған**

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ



Тәрбиешілер: Туржанова С.К. 
Сейтказина З.Ж. 

«Бекітемін»
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы» меңгеруші м.а:  Шагиева Г.Н.
09.09.2022 ж.

«Тексерілді»
КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжайы» әдіскері:  Сабитова З.А.
01.09.2022 ж.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Балауса-Балғын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Р/С №	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жүктемесі
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет Сәрсенбі Бейсенбі Жұма
	Дене шынықтыру	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі	Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын
6	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	Күн сайын
7	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка	Күн сайын
8	Арнайы түзетушілік іс-әрекет	

Тәрбиешілер:  Туржанова С.Қ.
 Сейтказина З.Ж.

Қыркүйек айы 2022ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	Дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.
Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, сұрақтарға жауап беруге, сәлемдесуге, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.
Мүсіндеу	Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылықтарын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.

Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру.	Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; еңбектің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;
Қазан айы 2022ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. Такпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру; Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.
Қазақ тілі	Сөздік қорды толықтыру: Отбасы: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер: Балабақша, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, жер, орамал. Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! кешіріші, мен олай қайталамаймын, татуласындар, бірге ойнайық, алуға бола ма ?
Сурет салу	Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру. Сәндік сурет салу. Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын

	калыптастыру. Сюжеттік сурет салу Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу
Мүсіндеу	Сазбалшық, камыр, ермексат кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.
Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және қолденен орналастыру тәсілдерін пайдалану; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру.	Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Менің отбасым. отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;

Қараша айы 2022ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	<p>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту</p> <p>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану</p> <p>Ересектердің сөзін тындау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларындұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тындау және толық жауап беруді дамыту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тындауды жетілдіру.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді</p> <p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді (ыдыстар,</p>

	<p>ойыншықтар) үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыраотырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру.	<p>Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру, ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру Таныс мамандық иелеріне құрметпен карау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру</p>

Желтоқсан айы 2022ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеуді дамыту	Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
Сурет салу	Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің

	қалдықтарын сұртуға майлықты қолдануды үйрету. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.

Қаңтар айы 2023ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулуды жалғастыру. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).

	<p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
Сурет салу	<p>Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді.</p> <p>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін жасап (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алуды, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды жетілдіру.</p> <p>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p> <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру.	<p>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету.</p> <p>Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (қамқор, сезімтал және іскер) аудару. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.</p> <p>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.</p> <p>бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атауын</p>

	<p>қалыптастыру</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді меңгерту.</p> <p>серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру</p>
--	---

Ақпан айы 2023ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	<p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту</p> <p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>Суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту</p> <p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Сурет салу	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету.</p>

	Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.
Мүсіндеу	Ермексизден мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексиз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Өшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту.
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылықтарын арттыру. Жаймадағы дайын пішіндерге жағу желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін кәлемді пішіндерге түрлендіру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру.	Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы кәретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, әзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, кәшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.

Наурыз айы 2023ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, танысертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формалардың дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Тұрмыстық заттардың, (киіз үй жиһазы) атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу жалғастыру (бар, кел, айт). Байланыстырып сөйлеу. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Сурет салу	Жануарлардың суретін салу дағдыларын жетілдіру Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	Сюжеттік мүсіндеу Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
Жапсыру	Ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру; Шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру; Пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру; Геометриялық элементтерден өрнек құрастыруға үйрету.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс

	<p>бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.</p> <p>Құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру;</p>
Қоршаған ортамен таныстыру.	<p>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету мүлік бөліктерін тану.</p>

Сәуір айы 2023ж	
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	<p>Дидактикалық және дамытушы ойындарды, шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;</p> <p>артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;</p> <p>Балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Өзбетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, мөстуді дамытуды жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйретуді жалғастыру</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
Сурет салу	Салынған пішіндерін бояуды (штрихтау, мақталы

	<p>таяқшаларымен бояу); Дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен)</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Мүсіндеудің түрлі әдістерін қолданып, 1-3 бөліктерден тұратын түрлі заттарды мүсіндеу (поезд, шарбак, моншақ, сырға)</p>
Жапсыру	<p>Қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, онай мыжылады Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p>
Құрастыру	<p>Қағаздан құрастыру. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, тік және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру.	<p>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету мүлік бөліктерін тану. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру</p>

Мамыр айы 2023ж	
Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
Сөйлеу дамыту	<p>Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;</p> <p>Қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, таныстыру; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Ертегі кейіпкерлерінің образына кіріп ойнау дығдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сурет бойынша әңгімелей алу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау.</p> <p>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тындау және түсінуді дамыту.</p> <p>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету бекіту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
Сурет салу	<p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу,</p>

	<p>оларды таякшамен безендіру.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Сюжеттік жапсыру. Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал және т.б. жасау.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру</p> <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру.	<p>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p>

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Мақсаты: инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балалардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту.

Міндеттері:

заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануда қуана білуге, өзіне сенімділікке баулу;

қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;

түрлі балалар әрекеті барысында ұстау және көру арқылы қоршаған орта заттары мен құбылыстарын зерттеу арқылы олардың санын, пішінін, шамасын, кеңістікте орналасуын, мерзімін ажырату;

командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;

көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

Сан

«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.

Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.

Шама

Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.

Геометриялық фигуралар.

Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.

Кеңістікті бағдарлау.

Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.

Уақытты бағдарлау.

Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.

Күтілетін нәтижелер: «көп», «бір» ұғымдарын ажыратады;

жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді;

біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді;

қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады;

тең және тең емес заттар тобын салыстырады;

екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады;

ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады;

ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды;

өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды;

қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Заттарды «біреу», «көп», «бір-бірден», «бірде-біреуі жоқ» түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; айналасындағы бірде-бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту;
	Танертең (таң) тәулік бөлігін тану және атау, осы ұғымды сөйлеу барысында қолдану; жұмбақты шешуді үйрету, айналасындағы бірдей, бір және көп затта білу дағдыларын дамыту.
	Тәулік бөлігімен таныстыру; заттың санымен (бір-көп) таныстыруды жалғастыру; танертең-күндіз тәулік бөлігін ажырата білулерін қалыптастыру, сөйлеу барысында осы сөздерді қолдануға және осы сөздерді сөйлеу барысында қолдануға үйрету; заттың санымен (бір көп) таныстыру жалғастыру; заттарды бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту.
Қазан	Көлемі б/ша (үлкен-кіші) заттарды салыстыру; тәулік бөліктерін ажырата және атай білу білігін—танертең ұғымымен таныстыруды жалғастыру; таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен-кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтастыру.
	Балаларды геом-лық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шеңбер, шеңбердің түрлі көлемде үлкен-кішкентай болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шеңберді берілген нүктелері б/ша бастырып жүргізу; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту.
	Тәулік бөлігі—«кеш» ұғымымен таныстыру; заттың санымен (бір-көп) таныстыруды жалғастыру; танертең-күндіз, кеш тәулік бөліктерін атау және ажырата білулерін қалыптастыру; Біржәне көп бірдей заттарды табу білігін дамыту.
	Тәулік бөлігі—«түн» ұғымымен таныстыру; түсі мен көлеміне байланыссыз шеңберді ажырата және атай алу білігін бекіту; тәулік бөліктерін ажырата және айта білуді бекіту; топ бөлмесінен шеңбер пішіндегі заттарды көзімен іздеп таба алу білігін дамыту; шеңбер пішінді сала алу білігін дамыту.
Қараша	Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында) сөйлегенде осы терминдерді қолдануға баулу; өзінің маңындағы кеңістік бағыттарын ажырата білу; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; он қолы мен сол қолын ажырта алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту.
	Танертең-кеш-күн-түн сияқты карама-қарсы тәулік бөліктерін ажырату білігін қалыптастыру; тәулік бөліктерін балалар мен ересектер әрекетінің мазмұнының өзгеруі б/ша ажырата білуге үйрету; балаларды дайын пішіндерді суретке жабыстыру кезеңдерін сақтау тәсілдерімен таныстыру; жапсырмалармен жұмыс жасауда мұқияттылыққа баулу.
	жаңа геом-лық пішінмен—шаршымен таныстыру; балаларды геом-лық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шаршының түрлі көлемде (үлкен-кішкентай) болатынын түсіну; жұмбақтар шешуді үйрену; шаршыны берілген нүктелер б/ша бастырып жүргізу; топ бөлмесі мен қоршаған ортадан шаршыға ұқсас заттарды көзбен табу білігін дамыту; саусақтың ұсақ моторикасын дамыту.
Желтоқсан	Заттардың кеңістікте орналасуын (алыс-жақын) айыра білуге және атауға үйрету; заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау (алыс-жақын); көріп қабылдаған ақпараты негізінде жұмбақтар

	<p>шеуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Заттардың кеңістікте орналасуын (жоғары-төмен) айыра білуге үйрету; заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуы туралы ұғымын қалыптастыру (жоғары-төмен); заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату: алыс-жақын; шаршыға геом-лық пішіндеріне сәйкес келетін заттарды қоршаған ортадан таба білу білігі; жұмбақ шешуді жалғастыру; логикалық ойлауын дамыту.</p> <p>Жаңа геом-лық пішінмен—үшбұрышпен таныстыру;балаларлы геом-лық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шыршаның түрлі көлемде (үлкен-кішкентай) болатынын түсіну,үшбұрышты нүктелер б/ша қосу, заттардағы геом-лық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту.</p> <p>Таныс заттарды көлемі б/ша:үлкен, кішірек, ең кішкентай салыстыруды жалғастыру, анықтау нәтижесінде сөзбен жеткізе білу; жұмбақтарды шеше білуге үйретуді жалғастыру;заттарды ұқсас белгілеріне (көлеміне) қарап айыра білуге үйрету; заттарды өзінің қай жағында тұрғанына қарап сөзбен атауды қалыптастыру (сол жақ,оң жақ); көлеміне қарай сол жақтан оңға қарай орналастыруға үйретуді дамыту.</p>
Қаңтар	<p>Дағдыларды қалыптастыру біркелкі заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; заттарды көлемі б/ша салыстыруға үйретуді жалғастыру;көп біркелкі заттарды табуды,олардан жекелеген заттыбөліп алуды үйрету; «көп», «біреу», «бір-бірден» ұғымдарын ажырата білуді үйретуді жалғастыру,үлкен,кішірек,кішкентай деген көлемдерді сөйлегенде қолдану;логикалық ойлауын дамыту.</p> <p>Кеңістік бағыттарын анықтауға баулу (жоғары-төмен);Геом-лық пішіндермен таныстыруды жалғастыру:үшбұрыш. Логикалық ойлауын дамыту.</p> <p>Заттардың өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасқан заттардың бағытын ажырату(алдында-артында) түсініктерін қалыптастыру; заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру (жоғары-төмен); сөздерді қолдана алу: алдында-артында,жоғары-төмен; қарындашпен жұмыс жасауды,сезім қозғалыс түйсіктері арқылы балалардың зейінін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Балаларды геом-лық пішіндер туралы білімдерін дамытуды жалғастыру: шеңбер,шаршы,үшбұрыш;көру және ұстап көру арқылы пішіндерді зерттеуді жалғастыру, оларды қоршаған ортадан табуға баулу;есту және көрулерін дамыту,логикалық ойлауын дамыту; достық қарым-қатынасқа, сабаққа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Таныс заттармен биіктігі б/ша салыстыру білігін қалыптастыру (биік-аласа.сол жақ, оң жақ); ағзаның бөліктерінің орналасуына бағыт беруді жалғастыру:сол жақ-оң жақ; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді жапсыру, қарындашпен жол салу дағдыларын дамыту.</p>
Ақпан	<p>Ұзындығына қарай бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыруды үйрету; сөйлегенде «ұзынырақ», «қысқарақ» сөздерін қолдана білдіру;беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдану; заттарды саны б/ша салыстыруға үйреуді жалғастыру:(біреу-көп.</p> <p>Өртүрлі заттарды ұзындығы б/ша қатар қойып салыстыруға үйретуді жалғастыру,салыстыру нәтижесін ұзынырақ,қысқарақ,ұзындығы бірдей сөздерін қолдануды үйрету; көру жадын дамыту, жадын,логикалық ойлауын; колдың моторикасын дамыту.</p> <p>Ені қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені б/ша</p>

	салыстыру тәсілдерімен таныстыру, оларды жалпақ,жінішке сөздерін пайдалануға үйрету: «ұзындығы б/ша бірдей» сөзін пайдалану біліктерін бекіту; біркелкі заттарды бір сөзбен атауға үйретуді жалғастыру:есту сезімін дамыту; сөйлеу тілін, бақылағыштығын, ойлау белсенділігін дамыту.
	Заттар тобын салыстыру ұғымын қалыптастыру: кең-тар; заттардың орналасқан орындарын анықтау біліктерін бекітуді жалғастыру: жоғарыда, төменде, жұмбақ шешуге баулу:тәулік бөлімдері туралы білімдерін бекіту; логикалық ойлауы, бақылағыштығын,ойлау белсенділігін дамыту;сабаққа қызығушылығын тәрбиелеу.
	Үстіне қою және белгілеу әдістерін пайдаланып, екіқарама-қарсы және бірдей заттарды қалыңдығы б/ша салыстыру;нәтижесін «қалың», «жұқа», «қалыңдығы бірдей» сөздерін қолдану арқылы жеткізу; көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге баулу; көре білу, логикалық ойлауын дамыту;байланыстырып сөйлеуін дамыту,бірдей заттарды табу білігін дамыту.
	Заттарды қалыңдығы б/ша салыстыру дағдыларын бекіту:жуан(қалын)-жінішке (жұқа); өз айналасында бағдарлай білуін:алдында-артында жалғастыру; өз мүшелерінің орналасынуын айыра алуға үйрету: бас, кол,аяк;логикалық ойлауын дамыту.
Наурыз	Заттардың кеңістікте орналасуын (алыс-жақын) айыра білуге және атауға үйрету;заттардың өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау (алыс-жақын); көріп қабылдаған ақпараты негізінде жұмбақтар шеуді жалғастыру; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді кезектілігін сақтай отыра суретті толықтыру мақсатында жапсыру дағдыларын дамыту.
	Заттардың кеңістікте орналасуын (жоғары-төмен) айыра білуге үйрету; заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуы туралы ұғымын қалыптастыру (жоғары-төмен); заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату: алыс-жақын; шаршыға геом-лық пішіндеріне сәйкес келетін заттарды қоршаған ортадан таба білу білігі; жұмбақ шешуді жалғастыру; логикалық ойлауын дамыту.
	Жаңа геом-лық пішінмен—үшбұрышпен таныстыру;балаларлы геом-лық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шыршаның түрлі көлемде (үлкен-кішкентай) болатынын түсіну,үшбұрышты нүктелер б/ша қосу, заттардағы геом-лық пішіндерді тану және оларды атау білігін дамыту.
	Таныс заттарды көлемі б/ша:үлкен, кішірек, ең кішкентай салыстыруды жалғастыру, анықтау нәтижесінде сөзбен жеткізе білу; жұмбақтарды шеше білуге үйретуді жалғастыру;заттарды ұқсас белгілеріне (көлеміне) қарап айыра білуге үйрету; заттарды өзінің қай жағында тұрғанына қарап сөзбен атауды қалыптастыру (сол жақ,оң жақ); көлеміне қарай сол жақтан оңға қарай орналастыруға үйретуді дамыту.
Сәуір	Дағдыларды қалыптастыру біркелкі заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; заттарды көлемі б/ша салыстыруға үйретуді жалғастыру;көп біркелкі заттарды табуды,олардан жекелеген заттыбөліп алуды үйрету; «көп», «біреу», «бір-бірден» ұғымдарын ажырата білуді үйретуді жалғастыру,үлкен,кішірек,кішкентай деген көлемдерді сөйлегенде қолдану;логикалық ойлауын дамыту.
	Заттардың өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасқан заттардың бағытын ажырату(алдында-артында) түсініктерін қалыптастыру; заттардың өзінің айналасындағы кеңістіктегі бағытын ажырату білігін дамытуды жалғастыру (жоғары-төмен); сөздерді қолдана алу: алдында-

	артында, жоғары-төмен; қарындашпен жұмыс жасауды, сезім қозғалыс түйсіктері арқылы балалардың зейінін дамытуды жалғастыру.
	Балаларды геом-лық пішіндер туралы білімдерін дамытуды жалғастыру: шеңбер, шаршы, үшбұрыш; көру және ұстап көру арқылы пішіндерді зерттеуді жалғастыру, оларды қоршаған ортадан табуға баулу; есту және көрулерін дамыту, логикалық ойлауын дамыту; достық қарым-қатынасқа, сабаққа қызығушылыққа баулу.
	Таныс заттармен биіктігі б/ша салыстыру білігін қалыптастыру (биік-аласа, сол жақ, оң жақ); ағзаның бөліктерінің орналасуына бағыт беруді жалғастыру: сол жақ-оң жақ; көзбен қабылдауын, дайын пішіндерді жапсыру, қарындашпен жол салу дағдыларын дамыту.
Мамыр	Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында) сөйлегенде осы терминдерді қолдануға баулу; өзінің маңындағы кеңістік бағыттарын ажырата білу; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; оң қолы мен сол қолын ажырта алу білігін дамыту; логикалық ойлауын дамыту.
	Көлемі б/ша (үлкен-кіші) заттарды салыстыру; тәулік бөліктерін ажырата және атай білу білігін—танертең ұғымымен таныстыруды жалғастыру; таныс заттарды көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен-кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтастыру.
	Танертең-кеш-күн-түн сияқты қарама-қарсы тәулік бөліктерін ажырату білігін қалыптастыру; тәулік бөліктерін балалар мен ересектер әрекетінің мазмұнының өзгеруі б/ша ажырата білуге үйрету; балаларды дайын пішіндерді суретке жабыстыру кезеңдерін сақтау тәсілдерімен таныстыру; жапсырмалармен жұмыс жасауда мұқияттылыққа баулу.
	Таныс заттарды көлемі б/ша: үлкен, кішірек, ең кішкентай салыстыруды жалғастыру, анықтау нәтижесінде сөзбен жеткізе білу; жұмбақтарды шеше білуге үйретуді жалғастыру; заттарды ұқсас белгілеріне (көлеміне) қарап айыра білуге үйрету; заттарды өзінің қай жағында тұрғанына қарап сөзбен атауды қалыптастыру (сол жақ, оң жақ); көлеміне қарай сол жақтан оңға қарай орналастыруға үйретуді дамыту.
	Заттар тобын салыстыру ұғымын қалыптастыру: кең-тар; заттардың орналасқан орындарын анықтау біліктерін бекітуді жалғастыру: жоғарыда, төменде, жұмбақ шешуге баулу; тәулік бөлімдері туралы білімдерін бекіту; логикалық ойлауы, бақылағыштығын, ойлау белсенділігін дамыту; сабаққа қызығушылығын тәрбиелеу.